| Серуен | Серуен №1 | Серуен №2 | Серуен №3 | Серуен №4 | Серуен №5 |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұру.<br>Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | | | | |

Scanned with CamScanner

Тексерілді
13.02.23ж [signature]

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** №1 «Еркетай» Алга бөбекжай-балабақшасы
**Топ:** «Ақ желкен» арнайы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 13.02-17.02. 2022-2023 оқу жылы
**Тәрбиешілер:** Казыбаева М.А.,Нарымбетова А.Ы.

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** 13.02.2023 | **Сейсенбі** 14.02.2023 | **Сәрсенбі** 15.02.2023 | **Бейсенбі** 16.02.2023 | **Жұма** 17.02.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. | Үш түрлі смайликпен қарсы алу. | Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу. | Достар әнімен қарсы алу. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау. | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау. | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу. | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Картотека №2 «Не қайда тұрады?» Мақсаты: балаларды ересек адамның көмегімен негізгі түстердің атауларын түсіну мен пайдалану икеміне үйрету; сөздердің жалпылау мәнін түсінуді қалыптастыру. Міндеті: - интонацияны | Картотека №5 «Кім не жейді?» Мақсаты: балаларды ересек адамның көмегімен негізгі түстердің атауларын түсіну мен пайдалану икеміне үйрету; сөздердің жалпылау мәнін түсінуді қалыптастыру. Міндеті: - | Дидактикалық ойын: Дәл сондай санды тап. 3 саны көлеміндегі заттар тобын салыстыру: артық немесе кем, артық немесе жетіспейтін элемент; (математика негіздері) | Картотека №2 «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда» Мақсаты: -заттар мен дыбыстарды, заттар мен қимылдарды, дыбыстар мен қимылдарды саны бойынша салыстыру: көп, 1, 2, 3; 3 саны көлеміндегі заттарды санау, қорытынды санды атай отырып, | Дидактикалық ойын: « Аюдың тісі ауырды» Мақсаты: балаларды ересек адамның көмегімен негізгі түстердің атауларын түсіну мен пайдалану икеміне үйрету; сөздердің жалпылау мәнін түсінуді қалыптастыру. Міндеті: - интонацияны |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кабылдауға үйрету, Керекті құрал-жабдықтар: Жануарлардың және олардың тұратын орталарының суреттері Шарты: Балаларға иттің, коянның, койдың,торғайдың т.б суреттерін көрсетіп сұрақтар кою аркылы , әркайсының тұру орталарына орналастыру кажеттігі түсіндіріледі (итке-үйшік, торғайға ұя, койға-кора, коян-коршауға) (Қазақ тілі, Көркем әдебиет, тіл дамыту) | интонацияны кабылдауға үйрету, Барысы: Өсімдіктер мен жануарлары бар карточкалаар жинағын дайындайды. (Қазақ тілі, Көркем әдебиет, тіл дамыту) | | таякшалардың, саусақтардың санымен сәйкестендіру;еліктеу, үлгі және сөздік нұсқау бойынша көптіктен 3 затты ерекшелеу;санауды тексеру тәсілі ретінде пайдалана отырып, 3 затты немесе бейнені санамай-ақ тану; Барысы: Тәрбиеші кызыл,жасыл,сары түсті ыдыстарды полотноға орналастырып былай деп әңгімелейді: Дүкенге алдымен тәрелкелерді әкелді. Дүкеншілер оларды сөрелерге орналастырды. Жоғарғы сөреге сары түсті ,ортаңғы сөреге жасыл түсті,төменгі сөреге кызыл түсті тәрелкелерді орналастырды. Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне карай орналастыруға көмектесейікші-деп | кабылдауға үйрету, (Қазақ тілі, Көркем әдебиет, тіл дамыту) |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | балаларды ойынға шақырады. (Математика негіздері) | |
| **Таңғы жаттығу** | Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)**<br>**II кешені**<br>1.«Серуендейміз» - жұптасып жүру.<br>2. «Жүгір» белгі орындалғанда жүгіру. (2-3 рет қайталау)<br>3. Жүру, сапқа еркін тұру.<br>4. Б.қ. тіке тұру, аяқты сәл ашу, қолды төмен түсіру. «Үлкен ағашты көрсету» - қолды жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа оралу. (қайталау 4-6 рет)<br>5. Б.қ. «Ағаш артында кім бар?» - еңкейіп, отыру «отырдық» деп айту, бастапқы қалыпқа оралу.(4-6 рет қайталау)<br>6. Б.қ. төрт тағандап тұру «Аюлар» - төрт тағандап жүру.(1 рет қайталау).<br>7. Жай жүріс аю ойыншықтың артынан. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктерді дайындау. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Денешынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Мен әскерге барамын»<br>**Мақсаты:**<br>Нұсқаушының белгісі бойынша сапқа тұру: еркін тұру; аркан бойымен тұру, бірінің артынан бірі сапқа және шеңбер құрап тұру; тәрбиешінің артынан сапқа тұру;<br> - **жалпы дамытушы жаттығулар** (затпен және затсыз): жаттығуларды педагогпен бірге орындау: бас қимылды - бұру (оңға, солға), алға ию, артқа шалқаю; қол қимылы - алға, жан-жағына, алға, иыққа, белге қою, кеуде тұсында айқастыру, жанына | **Денешынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Жекпе жек»<br>**Мақсаты:**<br>Нұсқаушының белгісі бойынша сапқа тұру: еркін тұру; аркан бойымен тұру, бірінің артынан бірі сапқа және шеңбер құрап тұру; тәрбиешінің артынан сапқа тұру;<br> - **жалпы дамытушы жаттығулар** (затпен және затсыз): жаттығуларды педагогпен бірге орындау: бас қимылды - бұру (оңға, солға), алға ию, артқа шалқаю; қол қимылы - алға, жан-жағына, алға, иыққа, белге қою, кеуде тұсында айқастыру, жанына | **Музыка**<br>Маман жоспарына сәйкес.<br>**Шығармашылық дағдыларды дамыту**<br>Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br> Балалардың қалауы бойынша әжемнің кәмпиттері тақырыбында домалақ кәмпиттер суре тін салғызу, ермек саздан әже ауылындағы құрт мүсінін жасау арқылы дөңгелек мүсінді жасату, Дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Мысық пен тышқан»<br>(таза ауада)<br>Міндеті:Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге дағдыландыру.<br>Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату.<br>1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.<br>(бас,дене,аяқ бөліктеріне арналған)<br>Қимылды ойын: «Сырғанақ тебеміз»<br>Еркін ойындар. Шанамен сырғанау.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Қарды үрлеп ұшыр»<br> Отбасы бейнеленген кітаптарды қарату. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** | Балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау.<br>«Анағасыйлық» жасауға ынталандырып сипаттап сөйлеуді үйрету**(сөйлеуді дамыту)**<br>Өз қолдарымен сыйлық жасату.<br>Балалардың таңдауы бойынша табиғи материалдардан қолға тағатын моншақ тізбегін жасауды үйрету<br>Гүлдер (немесе басқа заттарды) суретін саусақпен салудыүйрету. **(сурет салу)**<br>Ермексаздан торт жасаудымеңгерту **(мүсіндеу).**<br>Қағазданжасалғангүлс ебетінеұсақгүлдердіжа псырудыүйрету. **(жапсыру)**<br>2.Дефектолог, Логопед мамандарының жоспарына сәйкес |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарай созу, кеуде тұсында, бастан асыра шапалақтау; бүгу және жазу; қол белде, аяқ иық ендігінде бастапқы қалыпта денені оңға және солға бұру; қолды еркін жіберіп жүрелеп отыру; қолды жоғары қарай түзулеп жүрелеп отыру; қолдаумен жүрелеп отырып, қол белде, тұрған орнында аяқ ұшымен секіру; қол белде, аяқты дұрыс басып айналу; қол қимылдары: айналдыру, бұлғау, шапалақтау; қол қалпын өзгерте отырып қимылдау (жоғары, алға, жанына); саусақтарын жұдырыққа түю және саусақтарды жазу; | қарай созу, кеуде тұсында, бастан асыра шапалақтау; бүгу және жазу; қол белде, аяқ иық ендігінде бастапқы қалыпта денені оңға және солға бұру; қолды еркін жіберіп жүрелеп отыру; қолды жоғары қарай түзулеп жүрелеп отыру; қолдаумен жүрелеп отырып, қол белде, тұрған орнында аяқ ұшымен секіру; қол белде, аяқты дұрыс басып айналу; қол қимылдары: айналдыру, бұлғау, шапалақтау; қол қалпын өзгерте отырып қимылдау (жоғары, алға, жанына); саусақтарын жұдырыққа түю және саусақтарды жазу; | Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. **(құрастыру)** 2.Дефектолог, Логопед мамандарының жоспарына сәйкес арнайы түзету жұмыстары | «Анасының көмекшілері» айдары мен аспаздық әрекеттерді тұзды қамырды домалақтап, алақан арасында басу арқылы күлше жасатуды үйрету. **(мүсіндеу)** Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды меңгерту. **(құрастыру)** | арнайы түзету жұмыстары |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын**«Құстар мен мысықтар» Ойын шартымен таныстыру<br>**Физикалық қасиеттерін дамыту**<br>**Дидактикалық ойын**«Анамыздың себетін толтырайық»<br>Мақсаты: Заттардың көлеміне байланысты (үлкен – кіші, көп – аз) салыстырады.<br>**(Математика негіздері)**<br><br>«Анам пісірген бәліш»<br>(суретке қарап әңгімелеу)<br>Мақсаты: -заттардың сапалары мен қасиеттерін:сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру;<br><br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)** | Қ/О: «Аяғымызбен жер тебеміз»<br>(Қимылды ойындар картотекасы)<br>Мақсаты: Қимылдаған кезде көршісіне кедергі келтірмей, сөз бен қимыл қозғалысын үйлестіру.<br>Физикалық қасиеттерін дамыту<br><br>Отбасы суретін көрсету.<br>Суретте не бейнеленген?<br>-Суреттегі отбасы мүшелерін ата.<br>- Ата, әже, әке, апа, іні, қарындас<br>-суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту, - балаларды сөз жасаудың алғашқы дағдыларына үйрету: кішірейткіш- | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2.Дефектолог, Логопед мамандарының жоспарына сәйкес арнайы түзету жұмыстары | еркелету мәніндегі зат есімдерді құрастыру; **(сөйлеуді дамыту)** «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау негізінде сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуін дамыту. **(көркем әдебиет)** 2.Дефектолог, Логопед мамандарының жоспарына сәйкес арнайы түзету жұмыстары | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, катарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Серуен № 6<br>Маусымдық өзгерістерді бақылау<br>Мақсаты:: | Серуен №7<br>Терек ағашын бақылау<br>Мақсаты:<br>Балалардың ағаштар туралы білімдерін молайту; | Серуен №8<br>Күн мен түн неге ауысады?<br>Мақсаты:Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні, жыл мезгілдерінің ауысуына қарай | Серуен № 1<br>Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау<br>Мақсаты:<br>Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының | Серуен № 2<br>Қарды бақылау<br>Мақсаты: Қыс аяғында карда болатын өзгерістер туралы түсініктерін калыптастыру |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>Қыс аяғындағы табиғат көріністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу.<br>Бақылау барысы<br>Оңтүстіктен жел соқты. Ол өзімен жылылық ала келді. Түс кезінде төбелерден су тамшылары көрінді. Көктемнің жақын қалғаны табиғатта біліне бастады.<br>Ақпан қыстың соңғы айы. Ақпан айында күн ұзара бастайды. Күннің шуағы молаяды. Үй шатырларынан мұз сүңгілер пайда болады. Ақпанда жылылық сезіледі. Күртік қарлар аласара бастайды.<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: | Ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші әңгімелейді:<br>Адам таза ауамен тыныс алады. Адам демінен шыққан ауа-қайта жұтуға жарамсыз. Біз үнемі таза ауа жұтып жарамсыз етіп отырғандықтан, таза ауа бір жақтан келіп тұрмаса, жер бетінде ауа қалмас еді.<br>Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсыңдар? Таза ауа ешқайдан келмейді. Айналамыздағы ағаштар біздің демімізден шыққан ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, | күннің ұзаруын туралы түсінік беру.<br>Бақылау барысы<br>Балаларға жұмбақ жасыру<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан. (күн)<br>Жартысы жадыратып нұр себеді,<br>Жартысы қара мақпал бүркенеді. (түн) Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады.<br>Балаларға сұрақтар. | ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту,<br>Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады<br>Бұл неткен күшті тазалаушы еді,<br>Үйілген қарды<br>Әп- сәтте жинап алды? (қар жинайтын машина)<br>Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады.<br>Олар неден жасалған? (темір сымдардан)<br>Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті) | Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев<br>Қысым-ақ, қысым-ақ,<br>Жібердің қысып-ақ.<br>Қалмаспыз біз деген,<br>Боранға ұшырап.<br>Аппақ қар жауа бер,<br>Риза ғой саған ел.<br>Боратты-ау бораным,<br>Қайратын қарай көр.<br>Біз батыл баламыз,<br>Жылы үй, қорамыз.<br>Ақ ұлпа қарыңнан,<br>Аққала соғамыз.<br>Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жиегіне шатырдың,<br>Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі)<br>Балаларға сұрақтар<br>Қыста неше ай бар?<br>Қыс айларын ата?<br>Қыстың ең соңғы айы қай ай?<br>Ақпан айында табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Мұз сүңгілері қайдан пайда болады? (Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>Еңбек<br>Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу<br>*Мақсаты: достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу.*<br>Қимылды ойын «Төбешіктен-төбешікке». | жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады.<br>Таза ауамен тыныс алған адамның дені сау, өмірі ұзақ болады.сол себептен бабаларымыз «Өмір жасыңды ұзартқың келсе ағаш ек» деген.<br>Ауыл маңы терек,<br>Терек егу керек.<br>Әсем биік теректер,<br>Балаларды өбектер.<br>*(күз соңында.)*<br>Еңбек<br>Кіші топ балаларына қар жинауға көмектесу.<br>*Мақсаты: кішкентайларға көмек көрсетуге деген ынталарын арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу.* | Жұлдыздар түнде қайда кетеді?*(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)*<br>Еңбек<br>Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару.<br>*Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.*<br>Қимылды ойын<br>«Күн мен түн».<br>*Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет етуге, ойын шартын дұрыс орындауға дағдыландыру..* | Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар)<br>Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан  тазалайды)<br>♦ қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне)<br>Зерттеу жұмысы<br>Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру<br>Еңбек  Алаңды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру<br>*Мақсаты:*<br>Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету;<br>Еңбек дағдыларына тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын<br>«Аңшылар мен аңдар»<br>*Мақсаты:* | уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады.<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ қыс айларын атаңдар?<br>♦ қар бетінде пайда болған жұқа қабықша  қалай аталады?<br>♦ қарқатқақ қалай пайда болады?<br>Зерттеу жұмысы<br>Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге? |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Мақсаты: ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру* | Қимылды ойын: «Бәйге» *Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүгіруге үйрету* | | Қозғалыс дағдыларын бекіту; Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары «Көпірден өт». *Мақсаты:* тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру | Еңбек Сырғанаққа су себу *Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету.* Қимылды ойын «Екі аяз». *Мақсаты:* кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпа мен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек-орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (денежаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дид ойын**: «Әжеме арналған орамал» **Мақсаты:** Ою - өрнектерді жазықтыққа орналастырып салады, құрастырады, жабыстырады **(Сурет салу, жапсыру, құрастыру)** | Аналарымызға арналған моншақ жасайық деп ермексазды алақан арасында жұмырлап дөңгелектеп моншақ жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын түрлі түсті моншақ жасату. **(Мүсіндеу)** Жасаған моншағымыздағы домалақтарды салыстырайықшы, қане қайсысы үлкен, қайсысы кіші. Дидактикалықойын «артық пішінді тап» **(математика негіздері)** Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркініс әрекеттер | Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. **(көркем әдебиет, музыка)** ана әке бала қуыршақтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. **(Математика негіздері)** Еркін іс-әрекеттер | Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру,қарандаш ты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс- әрекеттер | Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. **(көркем әдебиет, музыка)** Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстарын ұйымдастыру Еркін іс-әрекеттер |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету.Нұрхан | **Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Елниязға сурет салудың дәстүрден тыс техникасын үйрету. | **Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Өлең, тақпақтар жаттату Барлығы | **Жеке баламен жұмыс:** Артурға сурет салудың дәстүрден тыс техникасын үйрету. | **Жеке баламен жұмыс:** Асенатқа Тәулік бөліктерін атауға үйрету. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №6** | **Серуен № 7** | **Серуен № 8** | **Серуен № 1** | **Серуен № 2** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру. | Психолог кеңесі. (Жеке балаларға) | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы. | Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме |

Scanned with CamScanner

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы
**Топ:** «Ақ желкен» арнайы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 20-24 ақпан, 2022-2023 оқу жылы
**Тәрбиешілер:** Нарымбетова А.Ы, Казыбаева М.А.

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| ББалаларды кабылдау | Балаларды көтерінкі көңіл-күй, әсем әуенмен карсы алу. Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін калай және қайда өткізгендерін сұрау.Балаларды тыңдау және түсіну. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Балалардан ересек адамның бакылауымен демалыс күндері калай өткені туралы жеке пікірін білдіруге тарту(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі) | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Сисенғали Аңсардың ата-анасымен баланың «Сөйлеу тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтқызу» туралы кеңес. | Танат Арманның ата-анасымен «Артикуляциялык жаттығулардың бала денсаулығына әсері» туралы кеңес беру. | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол калпында сөзсіз кабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы баска әрекеттер) | Дидактикалық ойын: «Жемістерді сана» Мақсаты: санауды тексеру тәсілі ретінде пайдалана отырып, 3 затты немесе бейнені санамай-ақ тану, балалардың жеміс туралы ойларын дамыту. Реттік санауға | Дидактикалық ойын: «Доппен ойнау» Мақсаты: сандықтар ұғымдар: теңдік немесе теңсіздікті ажырату арқылы,«жоғары -төменде», «астында-үстінде», «сол | Дидактикалық ойын: Біреу және көп» Мақсаты: көп, 1, 2, 3; 3 саны көлеміндегі заттарды санау «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Тәрбиеші балалардан заттардың | Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Мақсаты: үш көлеміндегі көптік элементтерін, есту арқылы дыбыстарды, сипау арқылы заттарды, қимылдарды | Дидактикалық ойын: «Кімнің құйрығы ұзын?» Мақсаты: Қарама-карсы мөлшердегі заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыра білуге, артық немесе кем. артық немесе сөйлеу барысында «ұзын», «ұзын», «кең», |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.(Математика негіздері) | жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту. (Математ ика негіздері) | арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. (Математика негіздері) | санау тыңдау, есту қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру. (Математика негіздері) | «тар» ұғымдарын қолдана білуге үйрету. (Математика негіздері) |
| Таңертеңгі жаттығу | Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені<br>1.«Серуендейміз» - жұптасып жүру.<br>2. «Жүгір» белгі орындалғанда жүгіру. (2-3 рет қайталау)<br>3. Жүру, сапқа еркін тұру.<br>4. Б.қ. тіке тұру, аяқты сәл ашу, қолды төмен түсіру. «Үлкен ағашты көрсету» - қолды жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа оралу. (қайталау 4-6 рет)<br>5. Б.қ. «Ағаш артында кім бар?» - еңкейіп, отыру «отырдық» деп айту, бастапқы қалыпқа оралу.(4-6 рет қайталау)<br>6. Б.қ. төрт тағандап тұру «Аюлар» - төрт тағандап жүру.(1 рет қайталау).<br>7. Жай жүріс аю ойыншықтың артынан. | | | | |
| Таңғы ас | Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып, қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар.<br>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетілідіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық | Шаттық шеңбері<br>«Жүректен жүрекке»<br>Біздің топта ұл қыздар,<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>Айналаға, бар адамға<br>Тек мейірім сыйлаймыз. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардан сезінген әсерлерімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту,қазақ тілі) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | 1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: Ақырын,қатты, жүгіріс. қолдаумен жүрелеп отырып, қол белде, тұрған орнында аяқ ұшымен секіру; қол белде, аяқты дұрыс басып айналу; қол қимылдары: айналдыру, бұлғау, шапалақтау; қол қалпын өзгерте отырып қимылдау (жоғары, алға, жанына); саусақтарын жұдырыққа түю және саусақтарды жазу; -тәрбиешінің әрекетіне еліктеу бойынша шапшаң қимылды ойындар; ҮІӘ барысы: | 1.Музыка Маман жоспарына сәйкес<br><br>2.Дефектолог, Логопед мамандарының жоспарына сәйкес арнайы түзету жұмыстары | 1.Дене шынықтыру Тақырыбы:Арқан бойымен жүріп өту. арқан бойымен тұру, бірінің артынан бірі сапқа және шеңбер құрап тұру; тәрбиешінің артынан сапқа тұру;жалпы дамытушы жаттығулар (затпен және затсыз):жаттығулары педагогпен бірге орындау: бас қимылы - бұру (оңға, солға), алға ию, артқа шалқаю; қол қимылы - алға, жан-жағына, алға, иыққа, белге қою, кеуде тұсында | 1.Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы: Эстафеталық ойын: тәрбиешінің әрекетіне еліктеу бойынша шапшаң қимылды ойындар; -спорттық жаттығулар: биік емес төбеден ересектің көмегімен шанамен сырғанау; ересектердің көмегімен мұзды жолда сырғанау ҮІӘ барысы: Бір тізбекке тұру. Сәлемдесу. «Қояндар көпәрден өтуде» | 1.Қазақ тілі Дидактикалық ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы» *Мақсаты:* балаларды сөз жасаудың алғашқы дағдыларына үйрету: кішірейткіш- еркелету мәніндегі зат есімдерді құрастыру балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу. *Көрнекіліктер:*әр түрлі мамандықтар суреттері *Ойын барысы:* суреттер тақтаға іленеді. Бала өзі қалаған мамандығын қарап алады да,сол мамандық туралы әңгімелейді. Неге ұнататынын,қандай жақсылығы барлығын әңгімелейді. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір қатар сапқа тұрады.<br>Сәлемдеседі.<br>(нұсқауларды орындайды)<br>-бір тізбектеп қолды жоғары көтеріп, қолды белге ұойып жүру.<br>-баяу жүгіру<br>Балаларға шығыршық беріп, иықтарына іліп, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу.<br>Жан-жақты дамыту жаттығулары:<br>1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.<br>2.Шығыршықты алға созу.<br>3.Кеуде тұсына әкелу.<br>4.Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығу. | | айқастыру, жанына қарай созу, кеуде тұсында, бастан асыра шапалақтау<br>ҰІӘ барысы:<br>Бір қатар сапқа тұрады.<br>Сәлемдеседі.<br>(нұсқауларды орындайды)<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп-кішкентай ағаштар<br>Биік болып өседі.<br>Құлпыра берші кең дала,<br>Өскен ағашты көрейін<br>Жапырағынмен жасыршы,<br>Қойныңа мен енейін.(баяу жүгіру)<br>Доптарды алып шеңберге тұрады. | (Бір сызық бойымен жүреді.)<br>«Қояндар жан-жағына қарайды»<br>(оң қолы-оң бүйірде, сол қолы- маңдайда оңға, солға бұрылады.)<br>«Қояндар үйге оралады»<br>(Бір орнында секіріп , баяу жүгіреді.)<br>Әр түсті екі текшеден беріп, бірінің соңынан бірін жүргізіп шеңберег тұрғызу. Жалпы дамыту жаттығулары:<br>1.Текшелерді шапалақта.<br>2.Текшелермен тербелу.<br>3.Текшелермен қайшылау.<br>4.Текшелерді көтеру. | 2.Дефектолог, Логопед мамандарының жоспарына сәйкес арнайы түзету жұмыстары |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5.Шығыршықты жоғары көтеру.<br>6.Алға иіліп, созылу<br>7.Шығыршықты оң қолмен ұстап оңға айналдыру.<br>Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығу.<br>Шығыршықты қос қолмен ұстау.<br>Шығыршықты кеуде тұсына ұстау.<br>Алға созу<br>Аяқты қозғалтпаған күйде оңға бұрылу<br>Аяқты қозғалтпаған күйде солға бұрылу<br>Тыныс алу:<br>Аяқ арасы алшақ шығыршықты қос қолмен жоғары көтеру ауа жұту<br>Шығыршықты кеуде тұсына әкеліп мұрнымен дем шығару.<br>Негізгі қимыл жаттығулары: | | Жалпы дамыту жаттығулары:<br>(доппен)<br>«Допты жоғары көтер!».<br>«Аяғыңды бүк».<br>«Алға иілу».<br>«Аласа-биік».<br>Тыныс алу:<br>-аяқ арасы алшақ,допты қос қолмен жоғары көтеру, ауа жұту;<br>-допты кеуде тұсына әкеліп, мұрнымен дем шығару.<br>Негізгі қимыл жаттығулары:<br>1.Таяқшалар арасымен қос аяқпен секіру.<br>2.Еденде ирелеңдеп жатқан жіптің үстімен жүру.<br>Қимылдық ойын:<br>«Ұшақтар»<br>Балалардың жасаған іс-қимылына | 5.Отыру.<br>6.Тыныс алу. « Текшелерді үрлеу»<br>Негізгі қимыл жаттығулары:<br>1.Ирелеңдеген жолмен жүру.<br>2.Түзу бағытта (биіктігі 10-15 см) заттарды аттап өту.<br>Қимылдық ойын:<br>«Мысық пен тышқан»<br>Балалардың жасаған іс-қимылына ризашылық білдіру, мадақтау.<br>Қауіпсіздік ережесін сақтау.<br>Балалар көңіл-күйін бақылау. | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Мені қуып жетіңдер" ойыны: Ойын шартын түсіндіру Балалармен бірлесе ойнау. Балалардың жасаған іс-қимылына ризашылық білдіру, мадақтау. Қауіпсіздік ережесін сақтау. Балалар көңіл-күйін бақылау. 2.Дефектолог, Логопед мамандарының жоспарына сәйкес арнайы түзету жұмыстары | | ризашылық білдіру, мадақтау. Қауіпсіздік ережесін сақтау. Балалар көңіл-күйін бақылау. 2.Дефектолог, Логопед мамандарының жоспарына сәйкес арнайы түзету жұмыстары | | |

| | |
|---|---|
| Серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (Қарым-қатынас және еңбек әрекеті, ірі және ұсақ моториканы дамыту).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | Серуен № 1<br>Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау<br>Мақсаты:<br>Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту, Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады<br>Бұл неткен күшті тазалаушы еді,<br>Үйілген қарды<br>Әп- сәтте жинап алды?<br>(қар жинайтын машина)<br>Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті | Серуен № 2<br>Қарды бақылау<br>Мақсаты: Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз<br>«Қыс» Қ. Жұмағалиев<br>Қысым-ақ,<br>қысым-ақ,<br>Жібердің қысып-ақ.<br>Қалмаспыз біз деген,<br>Боранға ұшырап.<br>Аппақ қар жауа бер,<br>Риза ғой саған ел.<br>Боратты-ау бораным,<br>Қайратын қарай көр.<br>Біз батыл баламыз,<br>Жылы үй, қорамыз. | Серуен №3<br>Желді бақылау<br>Мақсаты:<br>өлі табиғат туралы білімдерін байыту; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Бақылау барысы<br>Ұйытқыма жел Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>Баларға сұрақтар<br>Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br>Қыс мезгілінде желді қалай | Серуен № 4<br>Бұлттарды бақылау<br>Мақсаты:<br>Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту;<br>Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Етек жеңі жиналмай,<br>Дауыл тұрса дым қалмай.<br>Түйдектеліп көшеді,<br>Тоз-тоз болып өшеді.<br>Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын, | Серуен №5<br>Ауладағы ағаштарды бақылау<br>Мақсаты :<br>ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз<br>«Қыс»<br>Р.Сәбитұлы<br>Қар жамылды бақтарым<br>Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ қарын,<br>Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым.<br>Ойға шомып теректің, |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дөңгелек щетка айналып тұрады.<br>Олар неден жасалған? (темір сымдардан)<br>Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті)<br>Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар)<br>Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды алысқа лақтырады)<br>Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды)<br>♦ қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне)<br>Зерттеу жұмысы<br>Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру | Ақ ұлпа қарыннан,<br>Аққала соғамыз.<br>Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз | атайды?<br>*(боран,үскірік)*<br>Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?( компаспен, зырылдауықпен)<br>Жел қалай пайда болады?<br>*Тәрбиеші түсіндіреді: Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық.*<br>*Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.*<br>Еңбек<br>Жолдарды, орындықтарды, ұсақ архитектуралық мүсіндерді қардан тазалау.<br>*Мақсаты: бір-біріне достық* | Қыраттарға шөлдеген.<br>Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады.<br>Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады.<br>Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады. | Ақ шалыпты самайын.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді??<br>Күзде қандай болды?<br>Қазіргі бейнесі қандай?<br>Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді?<br>Айналадағы ағаштар бейнесі қандай?<br><br>Зерттеу жұмысы<br>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру<br>Еңбек<br>Жолды қардан тазалау. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еңбек  Алаңды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру<br>*Мақсаты:*<br>Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету;<br>Еңбек дағдыларына тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Аңшылар мен аңдар»<br>*Мақсаты:*<br>Қозғалыс дағдыларын бекіту;<br>Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту.<br>Жаттығу ойындары «Көпірден өт».<br>*Мақсаты:* тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру<br><br>*Халық болжамы: Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады* | қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ қыс айларын атаңдар?<br>♦ қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады?<br>♦ қарқатқақ қалай пайда болады?<br>Зерттеу жұмысы Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау | *көмек беруге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.*<br>Қимылды ойын «Мысық пен тышқан».<br>*Мақсаты:*<br>Ептіліктері мен жылдамдықтарын дамыту;<br>Әр бағытта жүгіруге жаттықтыру<br>Жаттығу ойындары<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты:* қар лақтыру кезінде көз мөлшерлей білулерін дамыту, лақтыру кезінде қол сүйектерін белсенді қозғалта отырып, нысанаға тигізу<br>*Халық болжамы: Мысық жылы жерді паналаса, қатты аяз болады* | Балаларға сұрақтар.<br>Бұлттар қандай болады?<br>Олар қайдан пайда болады?<br>Бұлттар нелерге ұқсайды?<br>Зерттеу жұмысы<br>Аспаннан атқа немесе түеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру.<br>Еңбек<br>Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау..<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу.*<br>Қимылды ойын: «Қар үстіндегі хоккей».<br>*Мақсаты: шайбаны қақпаға* | *Мақсаты:* аула қараушыға көмектесу.<br>Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>*Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.*<br>Жаттығу ойындары<br>Секіру<br>*Мақсаты:орнын да тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру*<br><br>*Халық болжамы. Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Мысық қабырғаны тырналаса, бұрқасын боран болады.* |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге?<br>Еңбек<br>Сырғанаққа су себу<br>*Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету.*<br>Қимылды ойын «Екі аяз».<br>*Мақсаты:* кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру.<br>Жаттығу ойындары «Кім алысқа секіреді?».<br>*Мақсаты:* белгіленгшен жерге дейін екі аяқпен секіру.<br>*Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады.* | | *домалатуға үйрету.*<br>Жаттығу ойындары<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты:*<br>Сырғанауға үйрету;<br>Сырғанау кезінде отыруға үйрету.<br>*Мақал-мәтел: Мезгіл жетсе мұз еріп.* | |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, қысқы тақпақтарды жатқа айтуға т.б. жаттау (көркем<br>әрекет, дербес ойын әрекеті). |
| Түскі ас | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз колдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу,дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , тамақтану кезінде сөйлеспеу, алғыс айту)<br>(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>Ереже:<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. (қазақ тілі,сөйлеуді дамыту) |
| Күндізгі ұйқы | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек |

| | |
|---|---|
| | орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Лексикалық тақыоыптар бойынша сөздік қорын толықтыру үшін «Бауырсақ» ертегісін оқып беру (көркем әдебиет) |
| Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>"Көңілді гимнастика"<br>1. «Созыламыз» - Б. қ.: арқамен жату. Қол жоғары, созыламыз, «Ух!» деп айтамыз. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. «Өрмекші» - С.қ.: арқаларында жатып, қол мен аяқ жан-жағында. Кезекпен қол мен аяқты бүгу.<br>3. «Бауырсақ» С.қ.: арқада жатып, қолдар жан-жағында. Тізені бүгіп кеудеге тарту, сол қалыпқа келу.<br>4. «Балық» С.қ.: іште жатып, қол иек астында. Басты сәл көтеру, қол мен аяқты қозғалту.<br>Бір орында жүру, ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығады. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). | | | | |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Дидактикалық ойын: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Әдемі гүлдердің суретін салуды, бедерлеп мүсіндеуді, жапсыру кезіндегі іскерлік дағдыларды еркін меңгеруге үйрету. Түсі, пішіні, көлемі; түстерді бекіту және жіктеу. Қиылған ұсақ бөлшетерден өздеріне таныс гүлді құрастыру. Гүлдің құрылысын беруде түстердің | Дидактикалық ойын: «Түсі бойынша жина» Мақсаты: түсті көңіл күйді беру құралы ретінде пайдалану; сурет салар алдында заттарды белгілі бір дәйектілікте (ересектің көмегімен) зерделеу. Шарты:. Көбелектерді түсі бойыншабірнеше | Дидактикалық ойын: «Түстерін дұрыс тап» Мақсаты: түстерді ажыратады. түсі, пішіні, көлемі; түстерді бекіту және жіктеу, домалақ, сопақша пішінді заттарды зерделеу. Шарты: гүлдерге су қүю түсіне сай орналастырады. (сурет | Дидактикалық ойын: «Пейзажды құрастыр» Мақсаты: Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы білімді дамыту . Сурет салар алдында заттарды белгілі бір дәйектілікте (ересектің көмегімен) | Дидактикалық ойын: «Жасырынған жануарларды тап» Мақсаты: үй жануарлары туралы түсінік қалыптасады жануарларға қамқорлық танытуды біледі. ересектің аппликация құруға деген ұсынысына эмоционалды |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйлесімділігін табуға, кеңістікте дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру. Шарты: Гүл жапырақтарының ерекшелігіне назар аударып, сәйкес пішіндерін таңдау; Түр-түсіне, құрылысына қарай отырып, құрылым жасау; Гүлдер жайында білетін өлең тақпақтар, жұмбақтар айтып, әсемдікті әсерлеу.(сурет салу,жапсыру,мүсінде у,құрастыру) | топтастырып жинайды.Тәрбиеші қандай түсті атаса, сол түске сәйкес көбелектерді көрсетеді. (сурет салу,жапсыру,мүсі ндеу,құрастыру) | салу,жапсыру,мүсі ндеу,құрастыру) | зерделеу. Ойын барысы: балаға белгілі бір маусымның (қыс, көктем, күз немесе қыс) пейзажын баспа суреттерінің жиынтығын құрастыруға шақырады, бала дәл осы маусымға сәйкес заттарды таңдап, өзінің білімінің көмегімен дұрыс композиция құруы керек. (сурет салу,жапсыру,мүс індеу,құрастыру) | жағымды жауап беруге, мүсінділген заттарды бір қарапайым сюжетке біріктіру. Шарты: ағаштардың артына жасырыған жануарларды табады. (сурет салу,жапсыру,мүс індеу,құрастыру) |
| Балалармен жеке жұмыс | Әділетке геометриялық фигураларды пішіні,түсі бойынша біріктіруге үйрету | Парасатқа доптарды бір-біріне екі қолымен төменнен лақтыруға допты | Айаруға таңдау және түсіну көрнекілікке с.йене отырып сипаттау жұмбақ | Нұрханға заттық мүсүндеу,созу тәсілін пайдалана отырып, жұмыртқа | Елниязға бір орында тұрып секіруге тәрбиешінің қолынан ұстап |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көлемді фигураларды ажырату. (Танымдық және зияткерлік дағды) | тактай бойымен домалактауға жаттыктыру.(физикалык қасиет) | шешуге,кейіпкерлердің еңбегін бағалауға үйрету.(коммуникативті дағды) | мүсүндеуді үйрету жеңді түруге үйрету.(шығармашылык дағды,зерттеу іс-әрекетінің дамуы) | аркан, бау аркылы секіруге үйрету.(физикалык қасиет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындык | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| Серуен | Серуен №1 | Серуен №2 | Серуен №3 | Серуен №4 | Серуен №5 |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналармен баланың балабакшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұру.<br>Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | | | | |

Scanned with CamScanner